DOI 10.52260/2304-7216.2026.3(64).40
ӘОЖ 338.484.2
ҒТАМР 06.71.57; 06.71.63

Р.Е. Агыбетова, PhD, қауымд. профессор
А.К. Кусаинова*, PhD докторанты
Ш.Ш. Турмаханбетова, э.ғ.к., доцент
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
* – негізгі автор (корреспондент автор)
e-mail: ainura_kkk777@bk.ru

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ЖАСЫЛ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ ӘЛЕУЕТІ

Мақалада Шығыс Қазақстан облысында жасыл туризмнің дамуы үшін қазіргі жағдайы, халықаралық тәжірибесі және туристік әлеуеті жан-жақты талданды. XXI ғасырда туризм әлемдік экономикада маңызды стратегиялардың біріне айналып, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына маңызды рөл атқаратын фактор ретінде қарастырылуда. Сондықтан жасыл туризм ұғымы табиғи ресурстарды сақтау, экологиялық жағынан қауіпсіз және жергілікті қауымдастықтардың мүдделерін қорғау бойынша ерекше маңызға ие.

Зерттеу барысында жасыл туризм ұғымына әдебиеттерге жүйелі шолу, Қазақстан мен әртүрлі елдердің тұрақты және жасыл туризм бойынша халықаралық рейтингтегі алатын орынын салыстырмалы талдау, Шығыс Қазақстан облысының статистикалық мәліметтерін сараптау әдістері қамтылды. Euromonitor Sustainable Travel Index (2023), Tourism Sustainability Development Index, Meaningful Tourism Index (2023) атты беделді халықаралық дереккөздер негізінде Қазақстанның және басқа да елдердің жасыл туризм бойынша позициясы айқындалды. Шығыс Қазақстан облысында жасыл туризмді дамыту әлеуетінің мүмкіндіктері стратегиялық жоспарлау әдісі SWOT талдауының негізінде көрсетілді.

Нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысының табиғи-рекреациялық әлеуеті жоғары болғанымен, инфрақұрылымның дамуы нашар болғаны, экологиялық стандарттардың сақталмағаны және халықаралық нарықта танымалдығының аздығы бар екенін көрсетті. Сонымен қатар туристер ағынының артуы, инвестиция көлемінің ұлғаюы және экотуризм бағыттарының дамуы оң көрсеткіштер болып табылады.

Талдау нәтижелері бойынша жасыл туризмді дамыту Шығыс Қазақстан облысының тұрақты дамуының басты факторларының бірі болып табылады. Ол тек ғана экономикалық өсімді қарастырмайды, табиғи ортаны қорғауға және тарихи-мәдени мұраны жаңғыртуға да жағдай жасайды.

Кілт сөздер: *жасыл туризм, тұрақты туризм, Шығыс Қазақстан облысы, әлеует, бағалау, экологиялық қауіпсіздік, экотуризм*

Ключевые слова: *зеленый туризм, устойчивый туризм, Восточно-Казахстанская область, потенциал, оценка, экологическая безопасность, экотуризм*

Keywords: *green tourism, sustainable tourism, East Kazakhstan region, potential, assessment, ecological safety,ecotourism*

JEL.: Q01, Z32

Кіріспе. XXI ғасырда туризм әлемдік экономиканың ең динамикалық дамып келе жатқан салаларының бірі және аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуынағ халықтың өмір сүру сапасына айтарлықтай әсер етеді. Шығыс Қазақстан облысы табиғи-ресурстарға өте бай және мәдени-тарихи әлеуетке ие, бұл тұрақты даму принциптеріне сәйкес келетін туризмнің жаңа түрлерін дамытуға негіз болады. Қазіргі уақытта жасыл туризм (green tourism) тұжырымдамасы ерекше өзекті, өйткені ол аймақтың табиғи ресурстарын, биологиялық әртүрлілікті, мәдени мұраны сақтауға бағытталған, экологиялық тұрғыдан бағдарланған саяхаттау моделін білдіреді.

Соңғы жылдары Қазақстан туризм саласына тұрақты даму принциптерін белсенді ендіріп жатыр, оның дәлелі Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрініс тапқан. Шығыс Қазақстан облысында жасыл туризмді дамыту экономикалық тиімділік, экологиялық талаптар және жергілікті халықтың мүдделері арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін тұрақты табиғатты пайдаланудың тиімді құралына айналуы мүмкін. Өңірде экологиялық және танымдық туризмді даму үшін жоғары әлеуетке ие бірегей табиғи объектілер Қатонқарағай ұлттық саябағы, Марқакөл және Зайсан көлдері, Оңтүстік Алтайдың таулы жүйесі және т.б бар. Алайда, жасыл туризм тұжырымдамасын сәтті іске асыру үшін

инфрақұрылымды жаңарту, халықтың экологиялық білім деңгейін көтеру және жергілікті қауымдастықтарды туристік жоспарлау үдерісіне тарту қажет. Бұл мәселеде Индонезия, Швейцария және Финляндия мемлекеттерінің тұрақты туризмді дамытуда табысқа жеткен халықаралық тәжірибесін пайдалану орынды, бұл елдер жасыл туризмді тек экономикалық категория ретінде ғана емес, қоғамды экологиялық тәрбиелеу нысаны ретінде де қарастырады.

Зерттеу мақсаты Шығыс Қазақстан облысында жасыл туризмді дамыту әлеуетін зерттеу, өңірдің табиғи-рекреациялық ресурстары мен экологиялық факторлары негізінде тұрақты дамуының перспективалы бағыттарын айқындау. Міндеттеріне Шығыс Қазақстан облысындағы жасыл туризмнің даму мүмкіндіктерін қарастыру, халықаралық критерийлерге сәйкестігін бағалау, өңірде жасыл дестинация талаптарының орындалуын негіздеу.

Зерттеу мақсатына жету үшін мақалада сандық, сапалық, деректер қорын талдау, SWOT талдау әдістері қолданылды.

Шығыс Қазақстан облысында жасыл туризмді дамыту мүмкіндіктерін зерттеу ғылыми талдаудың өзекті бағыты. Бұл экологиялық жауапкершілік, мәдени дәстүрлерді сақтау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану принциптеріне негізделген тұрақты туристік модельді қалыптастыруға ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттік шолу. Қоршаған орта бойынша Біріккен ұлттар ұйымының және Дүниежүзілік туристік ұйымның бағдарламаларының анықтамаларына қарасақ, тұрақты туризм – бұл жергілікті қоғамдастықтар мен қоршаған ортаның, индустрияның, келушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, қазіргі мен болашақтағы экономикалық, әлеуметтік және экологиялық зардаптарды толығымен қарастыратын туризм. Туризм - бұл әр түрлі анықтамалары бар көпқырлы ұғым. Солардың бірі – жасыл туризм, ол – баратын туристік нысандар мен мәдени қорықтарға залалын тигізбейтін, тұрақты туризмге негізделген экотуризмнің бір түрі, яғни экологиялық қауіпсіз деген мағынаны білдіреді, оның түрлеріне жаяу серуендеу, биіктікке өрмелеп шығу, треккинг, құстарды бақылау (birding немесе birdwatching), сноркелинг және дайфингті жатқызады. БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымы: «Жасыл туризм – флора мен фаунасы және мәдени мұралары бар негізгі көрнекті орындарға экологиялық тұрақты саяхаттау және қоршаған ортаға мейлінше аз әсер ету» деп түсіндіреді [1].

Әлемдік зерттеулерде Arismayanti, N.K. тұрақты туризм бұл қоршаған ортаға, қауымдастыққа, жергілікті экономикаға және мәдениетке сыйластық сияқты тұрақты дамудың негізгі ұстанымдарын ескере отырып, елде, өңірде немесе туристік бағытта туристік және рекреациялық қызметті дамытуды білдіретінін негіздеген [2].

Тұрақты туризм мен жасыл туризмнің ұғымдары кейде аздап шатастыруы мүмкін. Алайда, екі модельдің мақсаттары бір – яғни отандық және тұрақты туризмді іске асыру болатынын атап айту керек. Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында тұрақты туризмнің тұжырымдамасы – тұрақты дамудың негізгі ұстанымдарына негізделген болашақ ұрпақ пен қазіргі ұрпақтардың қажеттіліктерін ескере отырып дамыту, Бұл ұстанымды қабылдау кезінде авторлар Budiarta I.P. мен Andreea Zamfir & Razvan-Andrei Corbos экономикалық өсуден бөлек басқа да аспектілерді, атап айтқанда: мүдделері бар тараптарды (стейкхолдерлерді), жергілікті қауымдастықтың қатысу деңгейін және қоршаған ортаға деген жауапкершілікті ескеру қажет екенін нақтылады [3], [4], [5].

Өз зерттеуінде автор Pierre McDonagh, A.P. жасыл туризм әртүрлі акценттері бар және көпмағыналы экологиялық жағынан қауіпсіз туристік қызмет ретінде анықтады [6]. Wesnawa, I. G. жасыл туризмнің анықтамасы бойынша пікірталас әлі де жалғасып жатса да, кейбір тұрғындар жасыл туризмді мақсатты түрде табиғат пен әлеуметтік-мәдени ортамен тепе-теңдікке қол жеткізуге бағытталған туристік қызметтің белгілі бір түрі деп мәлімдейді, соңында жергілікті қауымдастыққа экономикалық, мәдени және экологиялық тұрғыдан пайданы арттыруға әкелетінін жазды [7].

Зерттеуші ғалым Prabawa, I. W. зерттеуінде жасыл туризмнің құрамы келесідей ұсынылады: Экологиялық жауапкершілік – экожүйенің тұрақтылығы мен әлеуетін қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаның табиғи және физикалық сапасын сақтау және жақсарту,қолдау; Жергілікті экономиканы нығайту– жергілікті экономиканы, бизнес пен қауымдастықты қолдау арқылы аумақтағы экономиканың тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етеді; Мәдени әртүрлілік – жергілікті мәдениеттің және қоғамдастықтың тұрақты әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін мәдени әртүрлілік пен мәдениетке құрмет көрсету; Тәжірибені байыту – табиғатпен, мәдениетпен байланыста болып, мағыналы белсенділікке қатысу арқылы есте қаларлық әсер жасау [8].

Жоғарыда айтылған пікірлерді жүйелеп қарастырғанда, жасыл туризмнің тұрақты туризмнің бір түрі және бір моделі екені сараланды. Және де, бұл бағыт білім беру мен тәжірибеге негізделген туризмді дамытуды мақсат етеді, яғни экологиялық жауапкершілік пен жергілікті мәдениетті сақтау жолымен жергілікті бизнесті ынталандырып, жергілікті қауымдастықты қызметке белсенді тартуға және олардың экономикалық дамуын қолдауға мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім. Ғылыми мақалада Шығыс Қазақстан облысында жасыл туризмді дамытудың қазіргі жағдайы мен болашағын бағалау мақсатында сандық және сапалық әдістерді біріктірген кешенді әдіснамалық тәсілге негізделді. Зерттеу барысында төмендегі әдістер пайдаланылды:

Зерттеудің теориялық негізінде әдебиеттерді қарастыру Web of science және Scopus дерекқорынан 2015–2025 жылдар аралығындағы жарияланымдардан қарастырылды. Қарастыру барысында «green tourism», «sustainable tourism», «green destination», «ecotourism potential», «tourism sustainability» ұғымдары қолданылды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда жарияланған ғылыми еңбектер, Ұлттық статистика бюросының сандық мәліметтері, UNWTO, UNEP, OECD ретіндегі ұйымдардың баяндамалары, тұрақты туризмнің дамуына арналған отандық бағдарламалық құжаттар қарастырылды. Деректор қорын саралау әдісі жасыл туризм ұғымын, оның қағидаларын, даму факторларын және әлемдік тәжірибесін талдауға мүмкіндік береді.

Мәліметтерді талдау деңгейінде зерттеу халықаралық Euromonitor Sustainable Travel Index (2023), Tourism Sustainability Development Index, Hamburg Center for Sustainable Tourism, Meaningful Tourism Index (2023) және ұлттық статистикалық мәліметтер негізінде жүргізілді.

Ұлттық деректер ретінде ҚР Ұлттық статистика бюросы, «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Шығыс Қазақстан облысының 2022-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары қарастырылды. Бұл мәліметтер негізінде туризм саласының нақты сандық көрсеткіштерін бағалауға мүмкіндік болды. Салыстырмалы талдау әдісі арқылы Қазақстан мен әртүрлі елдердің тұрақты және жасыл туризм бойынша рейтингтегі позициялары елдердің халықаралық индекстердегі алатын орындары, бағалау критерийлері, елдердің артықшылықтары мен әлсіз жақтары, жасыл туризм саясатының ерекшелігі ретіндегі көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде талданды. Бұл талдау Қазақстанның әлемдік деңгейдегі орнын бағалауға мүмкіндік берді.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша туризмнің даму көрсеткіштерінің негізінде SWOT-талдау жасалынып, жасыл туризм даму әлеуетіне әсер ететін факторлар кешенін анықтап, мәселелердің шешу жолдары ұсынылды.

Аймақтық тенденцияны талдау әдісімен Шығыс Қазақстан облысының туризм саласы бойынша 2020-2025 жылдарындағы статистикалық динамикасы зерттеліп, келесідей көрсеткіштермен: туристер саны, шетелдік келушілер саны, орналастыру орындарының көлемі, орналастыру қызметі көлемі, экотуризм нысандарының санымен талданды. Осы әдіс арқылы өңірдегі туризм дамуының негізгі үрдістері сараланды.

Қарастырылған ғылыми және статистикалық мәліметтерді саралау негізінде, Шығыс Қазақстан облысының жасыл туризм саласын дамытуға қатысты қорытынды тұжырымдар мен ұсыныстар берілді. Аталған әдістер жиынтығы зерттеуге жан-жақты сипат беріп, Шығыс Қазақстан облысындағы жасыл туризмнің қазіргі жағдайын кешенді түрде бағалауға және даму перспективаларын анықтауға мүмкіндік берді.

Euromonitor Sustainable Travel Index (2023), Tourism Sustainability Development Index, Hamburg Center for Sustainable Tourism, Meaningful Tourism Index (2023) ретіндегі беделді дереккөздерден жасыл туризмнің немесе тұрақты туризмнің дамуы бойынша әлем елдерінің алатын орны салыстырмалы талдау әдісімен зерттелді. Бұл зерттеуде қандай мемлекет алдыңғы орында, қандай көрсеткіштер маңызды және қандай тұстарын жетілдіру керек немесе аса мән беру керектігін байқауға болады. Дүниежүзі елдерінің жасыл туризмнің немесе тұрақты туризмнің дамуы бойынша рейтингісі және басымдықтары 1-кестеде көрсетілген:

Кесте – 1

Жасыл туризмнің немесе тұрақты туризмнің дамуы бойынша халықаралық рейтингісі

№	1	2	3	
№	Рейтинг атауы	Бағалау критерийлер	Қатысқан елдер саны	Қазақстанның орны
1	Euromonitor International Sustainable Travel Index (2023) [9]	7 критерийлер: Экологиялық тұрақтылық, әлеуметтік тұрақтылық, экономикалық тұрақтылық, тәуекелділік, тұрақты туризмге сұраныс, көлік, орналастыру[9]	99	62
2	Tourism Sustainability Development Index (TSDI) [10]	Қоршаған орта және климат, денсаулық, туристік инфрақұрылым және т.б. көрсеткіштер бойынша бағалау[10]	150 ...	82
3	Most Sustainable Destinations (Hamburg Center for Sustainable Tourism, Meaningful Tourism Index, 2023) [11]	Экологиялық, мәдени басқарушылық және т.б бірнеше көрсеткіштер бойынша туристік бағыттардың тұрақтылығын бағалау[11]	88	38

** [9],[10],[11] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған.*

Кестеде әлемдегі ең беделді үш рейтингтік орталықтардың мәліметтерін жеке-жеке талдауға болады. Аталған халықаралық рейтингтік орталықтардың әлем бойынша елдердің реттілік позицияда орын алуы өзіндік әдістемелеріне байланысты.

Tourism Sustainability Development Index (TSDI) рейтингтік орталығы әлемдік 150-ден аса елдердің тізімін жасап шықты. Рейтинг орталығының арнайы сайтында зерттеу жүргізілген елдер өзіндік әдістемелеріне қарай, әр түрлі түске боялып, қандай орын алуы мен тұрақты туризмге қатысты көрсеткіш ақпараттармен көрсетілген.

Сонымен қатар, математикалық тұрғыдан алғанда, TSDI – адам және туризмді дамыту көрсеткіші ретіндегі 2 фактордың арақатынасы. Формулада адам және туризмді дамыту көрсеткіші алым ретінде алынады, бұл көрсеткіш неғұрлым жоғары болса TSDI те соғұрлым жоғары болады. Ал қоршаған ортаға төнетін қауіп бөлімге қойылады, бұл көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, TSDI соғұрлым төмендейді. Әрбір компонент қосалқы көрсеткіштер негізінде қалыптастырылады. TSDI рейтингі 1-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша бағаланады.

$$TSDI = \frac{Human\ and\ Tourism\ Development}{Environmental\ Risk}$$

Tourism Sustainability Development Index (TSDI) рейтингтік орталығының зерттеу жүргізуінде тропикалық және дамушы елдер де, атап айтқанда Коста-Рика, Филиппин, Панама елдері алдағы орындарды алуға мүмкіндіктері бар екені көрсетілген, ол үшін табиғи ресурстарды, экологиялық саясатты және маркетингті дұрыс пайдалана білу қажет.

Tourism Sustainability Development Index (TSDI) рейтингтік орталығының бағалау нәтижелеріне сәйкес, Қазақстан туристік тұрақты даму деңгейі бойынша елдердің арасынан 82-ші орынды иеленеді. Қазақстанның TSDI жүйесіндегі жекелеген көрсеткіштерін талдау барысында халықтың білім деңгейі – 8,15/10 балл, саяхат көрсеткіші – 1,12/10 балл, ал туризмнен түсетін табыс – 0,69/10 балл деңгейінде бағаланған.

Аталған көрсеткіштер Қазақстанда адами капиталдың, атап айтқанда халықтың білім деңгейінің салыстырмалы түрде жоғары екенін көрсеткенімен, саяхат белсенділігі мен экономикалық кірістердің төмен деңгейде екенін байқатады. Бұл дегеніміз елдің туристік әлеуетін толығымен экономикалық құндылыққа айналдыру, ішкі және халықаралық туристік сұранысты ынталандыру, сонымен қатар туризмнің ұлттық экономикаға қосатын үлесін арттыру бағытында қосымша іс-шаралар кешенін жүргізу қажеттілігі бар екенін көрсетеді[10].

Туризмнің тұрақты даму деңгейін халықаралық салыстырмалы бағалаудың заманауи құралдарының бірі - Meaningful Tourism Index (MTI). Аталған индекс 2023 жылы Германияның Гамбург қаласында орналасқан Hamburg Center for Sustainable Tourism орталығымен әзірленіп, халықаралық туристік дестинациялардың тұрақтылығын кешенді бағалауға бағытталған. 2023 жылғы зерттеу әлемдік туристік айналымның шамамен 90%-ын қамтитын 88 елді салыстырмалы бағалауға енгізді.

Meaningful Tourism Index-тің әдіснамалық ерекшелігі туризмнің тұрақтылығын тек туристер саны немесе туризмнен түсетін экономикалық табыс арқылы бағалаумен шектелмей, туризм жүйесіне қатысатын негізігі мүдделі тараптардың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мүдделерін қарастыруымен сипатталады. Индексті қалыптастыру кезінде сандық және сапалық деректер пайдаланылған. Осылайша MTI әдістемесі туризмді тек экономикалық сектор ретінде емес, әлеуметтік және экологиялық жүйелермен өзара байланыстырып қарастырған. MTI нәтижелері бойынша 2 кестеде Аруба аралы 55,09 баллмен бірінші орынға, Исландия 54,85 баллмен екінші орында, ал Швейцария 50,40 баллмен үшінші орынға ие болған. Осы үш дестинацияның өзі ғана мүмкін болатын баллдың 50%-дан астамын жинаған. Одан кейін Дания, Норвегия, Нидерланды, Австралия, Жаңа Зеландия, Финляндия және Сингапур алғашқы ондықты құрады.

Қазақстанның MTI-тегі көрсеткіші 37 баллды құрап, 88 елдің ішінен 38 орынға ие болды. Бұл көрсеткіш Қазақстанның орташа деңгейде орналасқанын көрсетеді [11].

Келесі кестеде Euromonitor Sustainable Travel Index рейтингісі әлем елдерінің 2023 жылғы жасыл туризмнің дамуы бойынша негізгі басымдықтарымен және мәселелерімен көрсетілген. Халықаралық рейтингте Қазақстанның алатын орны көрсетілген (кесте 2).

Кесте –2

Euromonitor Sustainable Travel Index (2023) әлемдегі 20 елдердің жасыл туризмнің дамуы бойынша рейтингісі

Индекс/ рейтинг (2023)	Ел	Негізгі күшті жақтары	Негізгі мәселелері	Жетістіктері
1	Швеция	Инновациялық экожобалар, «жасыл» қонақ үйлер, көміртексіз қоғамдық көлік	Жоғары бағалар, туризмнің маусымдылығы	Еуропадағы экологиялылық позициялау бойынша жетекші ел
2	Финляндия	Табиғи туризм, экомаркетинг, цифрлық маршруттар	Жаппай туризмге арналған шектеулі сыйымдылық	Экологиялық бастамалардың дамуы, жергілікті қауымдастықтарды қолдау, «баяу саяхат» саясатын жүргізуі
3	Австрия	Альпыдағы экотуризм, төмен көміртек ізі, тұрақты ауылшаруашылық	Экологиялық туризмге немесе жасыл туризмге жоғары баға берілуі	Эко-қоныстану және жергілікті гастрономияға басым назар аудару
4	Эстония	Қонақ үйлерді эко-сертификаттау, тау экожүйелерін қорғау	Инфрақұрылымға жоғары шығындар	«жасыл қонақжайлылықтың» үлгі көрсетушісі
5	Норвегия	Энергия тиімділік, фьордтегі экотуризм	Жоғары бағалар, климаттық тәуекелдер	«жасыл стандартқа сәйкес тұру» бойынша елдердің үздігіне енеді
6	Словакия	Табиғи ресурстарды сақтау, жергілікті қолөнершілерді қолдау	Жаппай туризмге арналған шектеулі сыйымдылық	Жасыл туризмнің дамуы, әдет-ғұрыптардың сақталуы
7	Исландия	Геотермальды энергия, экотуризм, аз мөлшерде ластану	Жоғары маусымдылық кездегі жаппай туризм	Табиғат пен турист арасындағы тепе-теңдікті ұстау бойынша үлгі ел
8	Латвия	Табиғаттың сақталуы, жергілікті мәдениетті қолдау	Жаппай туризмге арналған шектеулі сыйымдылық	Жасыл туризмнің дамуы, биоалуандылықтың сақталуы
9	Франция	Дамыған инфрақұрылым, жергілікті өндірушілерді қолдау	Жасыл туризмнің жоғары бағалануы	Қонақ үй бизнесінде тұрақты тәжірибелерді енгізу, жергілікті қауымдастықтарды қолдау
10	Словения	Еуропадағы алғашқы «Жасыл ел», ұлттық эко-бренд бағдарламасы	Өңірлердің біркелкі дамымауы	Шығыс Еуропа елдері үшін үлгі

11-20	Швейцария, Литва, Хорватия, Чехия, Ирландия, Германия, Бельгия, Дания, Нидерланды, Португалия	Табиғи ресурстардың сақталуы, жергілікті қолөнершілерді және мәдениетті қолдау	Жасыл туризмнің жоғары бағалануы, жаппай туризмге арналған шектеулі сыйымдылық	Қонақ үй бизнесінде тұрақты тәжірибелерді енгізу, жергілікті қауымдастықтарды қолдау, жасыл туризмнің дамуы, әдет-ғұрыптың сақталуы
62	Қазақстан	Табиғи саябақтар, тау, этно және экотуризм, антропогендік жүктеменің аздығы	Инфрақұрылымның жетіспеушілігі, халықаралық танымалдықтың төмендігі	Шығыс Қазақстан – «жасыл туризм» үшін жоғары әлеуеті бар аймақ

**[9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

2 кестеде Euromonitor International Sustainable Travel Index халықаралық рейтинг орталықтарының деректерін жинау және талдау әдісі арқылы әр елдің жасыл туризм бойынша күшті жақтары, негізгі мәселелері және жетістіктері қарастырылды. Жалпы мәліметтерді жинау және талдау барысында нақтыланғаны Еуропа жасыл туризмнің орталығы болып табылады, себебі, ондаған жылдар бойы жергілікті қауымдастықтармен біріге әрекет ете отырып, туризмді экологиялық заңнамаларға теңестіруге ұмтылды. Одан кейін олардың мақсаттары көміртекті газдың ауа ластауын қысқарту және тұрақты инрақұрылымды қалыптастыру болды. Жасыл туризмнің тұжырымдамасы бойынша барлық талаптар сақталған. Сондықтан кестедегі рейтингтегі алғашқы 20 мемлекеттің барлығы Еуропа мемлекеттеріне тиесілі.

Euromonitor International ұйымы 99 ел арасында рейтинг жүргізу барысында Ресей және Туркия мемлекеттерінің алдына шығып, Қазақстан 99 елдің ішінен 62-ші орынды алады. Бұл елімізде жасыл туризмді дамыту әлеуеті бар екенін көрсетеді, әсіресе табиғи ресурстар мен аумақтарды есепке алғанда. Дегенмен Қазақстанның халықаралық аренада «жасыл» деген позициясын халықаралық жылжыту үшін әлі де кешенді жұмыстарды іске асыру қажет.

Жоғарыда аталған халықаралық индекстер бір-бірімен салыстырылмады, өйткені әрқайсысының индикаторлық ерекшеліктері мен есептеу әдістемелері әртүрлі. Халықаралық рейтингтік индекстерді зерттеу негізінде Шығыс Қазақстан облысына нақты баға беру мақсатында емес, жалпы Қазақстанның тұрақты туризм дамуындағы деңгейін білу үшін қолданылды.

Жалпы алғанда Қазақстан жоғарыда аталған халықаралық рейтингтер зерттеуі бойынша көп елдердің ішінен орташа орынды иеленіп отыр, яғни тұрақты туризмді дамыту бағытында белгілі бір әлеуеті бар екенін көрсетеді. Алайда нәтижелер экологиялық, әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштерді одан әрі жетілдіру қажеттігін айқындайды. Осы халықаралық бағалау нәтижелерін Қазақстанның жекелеген өңірлері деңгейінде нақтылайтын болсақ, өзінің табиғи алуандылығымен, су ресурстарымен және мәдени бай мұраларымен, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың кеңістік шоғырлануы және экотуризм нысандарының әртүрлілігімен ерекшеленетін Шығыс Қазақстан облысының жасыл туризмді дамыту әлеуеті бар.

Шығыс Қазақстан облысын (ШҚО) - Қазақстанда экотуризмді дамыту бойынша туристік әлеуеті бар екенін айтуға болады. Жалпы көлемі 1,7 млн гектар жерін 24 табиғи қорғалған аумақтар алып жатыр. Ең ірі нысандары – Қатон-Қарағай мемлекеттік ұлттық саябағы, Марқакөл қорығы, Батыс- Алтай қорығы. Қатон-Қарағайда 14 экскурсиялық маршруттар, Батыс Алтайда 5 экскурсиялық маршруттар әзірленіп, даму процесінде. Риддер, Қатон-Қарағай және Күршім аумақтарында экологиялық туризм және пантоемделу (бұғы мүйізімен емделу), тау және шаңғы туризмі белсенді дамып жатыр. Пантотерапия бағдарламасы кеңінен қолданылып, 20 астам орталықтар қызмет көрсетіп, сауықтыру және экологиялық қадамдарды үйлестіру жұмыстарын жүргізіп жатыр [12].

Шығыс Қазақстан аумағының 6%-ын алып жатқан 24 ұлттық қорық пен мемлекеттік табиғи саябақтар биологиялық әртүрліліктің сақталуына үлес қосады. Ал биологиялық әртүрліліктің сақталуы жасыл туризмнің дамуында негізгі талаптардың бірі. Облыс Алтай-Саян экологиялық аймағына жатады және қазақстандық Алтай ерекше назар аудартады. Ерекше ландшафтық және биологиялық әртүрліліктің негізінде облыстың Қатонқарай ауданы халықаралық Green Destinations ұйымы атынан екі үлкен мәртебе мен жоғары рейтингке ие болды, біріншісі - Green Destinations Top 100 Stories тізімі бойынша әлемдегі ең экологиялық таза және тұрақты дамып келе жатқан үздік 100

халықаралық дестинация қатарына енді. Екінші марапаты ITB Berlin көрмесінде халықаралық Green Destinations Story Awards байқауында Қатонқарағай ауданы жергілікті қауымдастықты қолдау мақсатындағы үздік бастамалары үшін «Гүлденген қауымдастықтар» номинациясы бойынша үшінші орынды иеленді. Ұлттық табиғи қорықтар мен саябақтар, оның ішінде Қатон-қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Марқакөл көлі және Сібе көлдері, экологиялық туризм, этно туризм және белсенді демалыс түрлерін дамыту үшін маңызды [13].

Келесі кестеде (кесте 3) Шығыс Қазақстан облысында жасыл туризмді дамыту әлеуеті бойынша SWOT талдау талданды. Шығыс Қазақстан облысында жасыл туризмнің даму әлеуетін SWOT талдау арқылы бағалау өңірдің табиғи-рекреациялық ресурстары мен туристік инфрақұрылымының қалыптасқанын, сондай-ақ туризм көрсеткіштерінде оң динамика бар екенін анықтауға мүмкіндік береді. Өңірдің негізгі күшті жақтарына бірегей табиғи аумақтар, курорттық аймақтардағы орналастыру орындары санының өсуі және жекелеген туристік дестинациялардың халықаралық деңгейде мойындалуы жатады.

Кесте – 3

ШҚО-да жасыл туризмді дамыту әлеуеті бойынша SWOT талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
- Табиғи ландшафттары алуан түрлілігі табиғи-рекреациялық ресурстарға бай; - 2020-2025 жылдары курорттық аймақтардағы орналастыру орындарының саны 136-дан 180-ге, шамамен 32%-ға артқан; Ішкі туристер саны 2020 жылғы 260 988 мыңнан 2025 жылы 351 022 мың адамға артық, кіру туризмі бойынша келушілер саны 4 983 адамнан 14 510 адамға артқан; Қатон-Қарағай ауданының халықаралық Green Destinations ұйымының шешімімен үздік 100 дестинация қатарына енуі және Green Destinations Story Awards байқауында жергілікті қауымдастықты қолдау бастамасы үшін марапатталуы	- Статистикалық мәліметтің аздығы, яғни арнайы жасыл туризм бойынша келушілер саны мен кірістер көлемінің жеке көрсетілмеуі; - көліктік шектеулер; - туристерге қызмет көрсетуде арнайы мамандардың жетіспеушілігі; - жергілікті қауымдастықтардың аздығы; - жергілікті халықтың туризм кірістеріне белсенді қатыспауы; ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға туристердің кіруіне шектеулердің болуы
Мүмкіндіктер (O)	Қауіптер (T)
-Табиғат аясында демалу бағыты бойынша экотуризм, ауыл туризмі, жаяу, танымдық маршруттарды туристік өнімдерге бағдарлау; - жергілікті қауымдастықты туризм саласындағы қызметтерге бейімдеу; - халықаралық экологиялық сертификаттау мен тұрақты дестинацияны басқару тәжірибесін енгізу; - цифрлық карталар, онлайн-маршруттар және экологиялық ақпараттар арқылы өңірдің танымалдылығын арттыру	- Туристердің келуі реттелмеген жағдайда табиғи аумақтарға жүктеменің артуы, қалдықтардың жиналуы, экожүйелердің бұзылу қаупі; - табиғи аумақтарда жол қатынасының, туристік инфрақұрылымның және экологиялық қызметтердің жеткіліксіздігінің өңірдің дамуына кері әсері; - маусымдық сұраныс пен сыртқы экономикалық өзгерістердің туристік кәсіпорындардың кірісіне әсер етуі; климаттық өзгерістер, табиғи қауіптер туристік маршруттардың қолжетімділігіне және қауіпсіздігіне ықпал етеді

**авторлармен құрастырылған*

SWOT талдау нәтижелері ШҚО-да туризмді дамытудың басым бағыттары ретінде экологиялық маршруттарды әртараптандыруды, туристік инфрақұрылымның сапасын жақсартуды, табиғи аумақтарға түсетін жүктемені басқаруды және жергілікті тұрғындарды туристік қызметке тартуды айқындайды. Осылайша, өңірдің жасыл туризм әлеуеті табиғи ресурстар мен туристік-экономикалық даму жағдайы жағынан қолайлы деп бағаланады.

Шығыс Қазақстан (Оңтүстік Алтай аймағы) бойынша туризм саласының дамуы соңғы жылдары тұрақты оң динамикамен сипатталады. Қаңтар-қыркүйек кезеңіндегі деректерге сәйкес, курорттық аймақтардағы орналастыру орындарының саны 2020 жылғы 136 бірліктен 2025 жылы 180 бірлікке дейін артып, шамамен 32%-дық өсімді көрсетті (кесте 4).

Кесте – 4


Шығыс Қазақстан облысындағы курорттық мекемелердегі орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі

Курорттық аймақтар	2020ж.	2021ж.	2022ж.	2023ж.	2024ж.	2025ж.
Орналастыру орындарының саны, бірлік						
Шығыс Қазақстан облысы	136	145	149	150	162	180
Алтай	25	28	33	31	38	44
Бұқтырма	91	94	92	94	93	99
Ұлан	12	14	13	12	14	17
Қатон-Қарағай	7	8	11	13	17	20
Орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі, млн теңге						
Шығыс Қазақстан облысы	674,8	1051,4	136,8	1728,7	2489,4	3469,5
Алтай	333,04	462,6	605,4	837,5	1385,8	2162,1
Бұқтырма	260,4	443,2	632,2	727,8	938,02	1124,3
Ұлан	75,7	118,6	101,1	111,9	115,6	105,3
Қатон-Қарағай	5,6	27,1	29,4	51,5	50,02	77,7
Орналастыру орындары қызмет көрсеткен келушілер саны, адам						
Шығыс Қазақстан облысы	80855	91920	101618	124517	127073	153825
Алтай	32285	29377	35262	55423	57441	85086
Бұқтырма	36882	49274	53293	50867	53681	54053
Ұлан	11050	9817	8525	10424	7912	7323
Қатон-Қарағай	638	3452	4538	7803	8039	7363

** [14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Әсіресе Алтай курорттық аумағында айтарлықтай өсім байқалады: 25 бірліктен 44 бірлікке дейін (76%-ға жуық). Қатон-Қарағай аумағында да қарқынды даму байқалып, көрсеткіш 7-ден 20 бірлікке дейін ұлғайған. Бұқтырма аумағында өсім баяу, бірақ тұрақты сипатта (91-99 бірлік аралығы), Ұлан аумағында көрсеткіштер төмен деңгейді көрсетіп отыр. Көрсетілген қызметтер көлемі 2020 674,8 млн теңгеден 2025 жылы 3469,5 млн теңгеге дейін артып, шамамен 5,1 есе өсімді көрсетті. Облыстың аумақтар бөлінісінде жоғары өсім Қатон-Қарағай курорттық аумағына тиесілі, өсім шамамаен 14 есеге артқан, бұл оның туристік әлеуетінің белсенді игеріле бастағанын көрсетеді. Курорттық аумақтарда қызмет көрсетілген туристер саны 2020 жылғы 80,9 мың адамнан 2025 жыылы 153 мың адамға дейін артып, мөлшермен 1,9 есеге артық. Аумақтар бойынша Ұлан ауданына келушілер көлемі төмен (11 мың адамнан 7,3 мың адамға дейін). Ал басқа аумақтарда өсу динамикасы айқын, соның ішінде Қатон-Қараға аумағында 638 адамнан 7363 адамға дейінгі артуды көруге болады.

Шығыс Қазақстан облысында ішкі және кіру туризмі көрсеткіштері әртүрлі даму динамикасымен сипатталады. Ішкі туризм бойынша орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілер саны 2020 жылғы 260988 адамнан 2025 жылы 351022 адамға дейін өсіп, жалпы алғанда оң үрдіс көрсетеді. Алайда 2022 жылы көрсткіштің 247266 адамға дейін төмендеуі байқалады, бұл пандемиядан кейінгі құлдыраумен байланысты. Кейінгі жылдары сұраныс артып отырғанын көруге болады (сурет 1).



*жеке кәсіпкерлерді есепке ала отырып
*қаңтар-қыркүйек айлары

Сурет – 1. **Ішкі туризм бойынша (резиденттер) және кіру туризм бойынша (резидент еместер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер, адам**

**[14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Деректер Шығыс Қазақстан облысында туризмнің, әсіресе экологиялық туризмнің даму динамикасы мен кеңістіктік ұйымдастырылу ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Кіру туризмі бойынша көрсеткіштер құбылмалы болып отыр, 2020 жылы 4983 адам 2025 жылы 14510 адамды құрап отыр, өсім 2022 жылдан бастап тұрақты сипатта, 2021 жылғы төмендеу пандемиялық шектеулердің әсері деуге болады. Өсім қарқыны тұрақсыз және көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен деңгейде сақталуы аймақтың халықаралық туризм нарығындағы үлесінің әлі де шектеулі екенін көрсетеді.

2025 жылғы деректерге сәйкес, облыста 412 орналастыру орындары тіркелген, оның ішінде 287 бірлік бунгалдар, ауылдық үйлер (шале), коттеджлер, шағын тұрғын нысандары басым. Қонақ үйлер саны 90 бірлікті құрайды, біржолғы сыйымдылық 21737 төсек-орынға жеткен. Жалпы алғанда, орналастыру орындары арқылы 446790 келушілерге қызмет көрсетіліп, 9814,1 млн теңге көлемінде табыс түскен. Бұл көрсеткіштер инфрақұрылымның қалыптасқанын көрсеткенімен, оның кеңістіктік теңгерімсіздігі мен сапалық айырмашылықтары бар екенін көрсетті.

Облыста инвестициялық жобаларды талдау тек экономикалық тиімділікке ғана емес, экологиялық тұрақтылық қағидаттарына негізделген. Мысалы, Катонқарағай ауданындағы сауықтыру курортық жобаның ішкі табыстылық нормасы (IRR) 22% - құрап, жылына 40880 турист қабылдауға жоспарланған. Бұқтырма су қоймасы жағалауындағы Арлан жобаларда күн панельдері, жылу сорғылары және ағынды суларды тазарту жүйелері сияқты “жасыл” технологияларды енгізу қарастырылған [15].

Туризм саласына инвестиция көлемінің өсуі өңірдің туристік инрақұрылымын дамытуға экономикалық мүмкіндік қалыптасқанын көрсетеді. Алайда инвестициялардың жасыл туризмге тиесілі үлесі жеке есептелмегендіктен, бұл көрсеткіш жасыл туризмнің тікелей нәтижесі ретінде емес, оның экономикалық даму алғышарттары ретінде қарастырылды.

Өңірде экологиялық тұрақты дамуға бағытталған шаралар да жүйелі түрде жүзеге асырылуда. 2025 жылы “Таза Қазақстан” тұжырымдамасы аясында 127 экологиялық іс-шара ұйымдастырылып, 1387 мың көшет отырғызылды және 15,9 млн ағаш егілді. Сонымен қатар, 86 мыңнан астам оқушы экологиялық білім беру бағдарламасына тартылды. Бұл көрсеткіштер экологиялық мәдениетті қалыптасытрудың жоғары деңгейде жүргізіліп жатқанын дәлелдейді. «Парктер шеруі – 2025», «Үлгілі ауыл», «Таза аула» сияқты бастамалар қоғамдық белсенділікті күшейтіп, бизнес құрылымдар да экологиялық жауапкершілікті арттыруға үлес қосты. Жалпы алғанда, атқарылған жұмыстар өңірде экологиялық сананы нығайтуға, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға және тұрақты даму қағидаттарын ілгерілетуге ықпал еткенін көрсетеді.

Қарастырылған деректер негізінде қорытындыласақ 2020-2025 жылдар аралығында туризм саласында белсенді даму бар, барлық негізгі көрсеткіштер бойынша (туристердің келу көрсеткіштері, инвестициялар, орналастыру орындары, қызмет көрсету көлемі) тұрақты және ұдайы өсім көрсетті. Атап айтқанда, шетелдік туристер ағынының соңғы кезде күрт артуы және инвестициялар көлемінің ұлғаюы туризм саласының болашағы бар екенін айқындайды.

Қорытынды. Шығыс Қазақстан облысы жасыл туризмді дамытудың жоғары әлеуетіне ие, дегенмен халықаралық рейтингтерде алатын орны әлі де төмен. Облыстың табиғи ресурстарының байлығы (су, орман, таулы жүйелер, биоәртүрлілік) және мәдени мұрасы негізінде тұрақты туризмді дамытуға мүмкіндігі бар. Дегенмен, бұл жасыл туризмді дамыту әлеуетін іске асыру үшін келесі мәселелерді шешу қажет:

- Инфрақұрылымның жеткіліксіз деңгейі өңірдің туристік әлеуетін тежейді, бұл туристік нысандарға барудың мәселесін көрсетіп, қызмет көрсету мен логистика сапасын арттыруды талап етеді;

- дестинацияның халықаралық нарықта бренд ретінде танымалдылығының төмендігі жасыл туризм саласындағы бәсекеге қабілеттілігін шектейді. Нәтижесінде бұл бағытты насихаттау және позициялау бойынша жүйелі жұмыс жүргізу керек;

- экологиялық стандарттар кеңінен қолданыста жоқ, сондықтан, тұрақтылық критерийлері бойынша сертификаттау, энергияны үнемдеу, қалдықтарды басқару және табиғи ортаны қорғау жүйелерін енгізу қажет.

Облысқа туристік ағынның және инвестициялардың артуы туризм саласының қарқынды дамуын дәлелдейді. Экотуризм, пантотерапия және тау туризмі ретіндегі бірегей бағыттардың өңірге ерекше имидж жасауға мүмкіндіктері жоғары. Халықаралық рейтингтердегі озық мемлекеттердің сәтті тәжірибесі тұрақты туризмнің экологиялық саясат, инновация және жергілікті қауымдастықтарды белсенді тарту негізінде жетістікке жететінін көрсетеді. Осы тәжірибелерді ШҚО ерекшеліктеріне бейімдеп, жасыл туризмді Қазақстанның тұрақты дамуының негізгі бағытына айналдыруға болады.

Жасыл туризм Шығыс Қазақстан облысы үшін тек экономикалық өсім ғана болмай, сонымен қатар экологиялық тепе-теңдікті сақтау, жергілікті мәдениетті насихаттау және тұрақты әлеуметтік дамуды қамтамасыз етудің тірегі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Біріккен ұлттар ұйымы Дүниежүзілік туристік ұйым (UNWTO). Халықаралық туризмнің дамуы бойынша талдау мәліметтері және есептер. – URL: https://www.unwto.org/global-tourism-performance

2. Arismayanti N.K. Green Tourism as an Alternative for Developing Tourist Villages in Indonesia // *Jurnal Analisis Pariwisata*. – 2015. – №15(2). – P. 1–15. – URL: https://repositori.unud.ac.id/protected/storage/upload/repositori/1372ed515f8c8880fc2f344f3dde579c.pdf

3. Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №262 қаулысы. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262

4. Budiarta I.P. Development of Ecotourism as a Path Toward Sustainable Tourism in Bali. // Media Bina Ilmiah Journal. – 2018. – №2(8). – P. 299–305. – DOI: 10.33758/mbi.v12i8.53

5. Andreea Zamfir & Razvan-Andrei Corbos, Towards Sustainable Tourism Development in Urban Areas: Case Study on Bucharest as Tourist Destination // Sustainability, MDPI. – 2015. – №7(9). – P. 1–14. – DOI: 10.3390/su70912709

6. Pierre McDonagh, A. P. Sustainbility Marketing Research: Past, Present and Future. // Journal of Marketing Management. – 2014. – №30(11-12). – P. 1186–1219. – DOI: 10.1080/0267257X.2014.943263

7. Wesnawa I.G. Development of Rural Tourism in Bali: Integration of Potential, Local Wisdom, and the Creative Economy. // *Jurnal Ilmu Sosial dan Humaniora.* – 2022. – №11(1). – P. 149–160. – DOI: 10.23887/jish.v11i1.44184

8. Prabawa I.W. The Concept of Green Tourism and Trends in Green Tourism Marketing (A Literature Study on Green Tourism and Its Implementation). *//Jurnal Kepariwisataan.* – 2017. – №16(1). – P. 47–53. – DOI: 10.52352/jpar.v16i1.81

9. Euromonitor International Sustainable Travel Index. – URL: https:// www.euromonitor.com/ sustainable-travel-index-ramping-up-action-for-positive-change/report?utm_source

10. Tourism Sustainability Development Index (TSDI). Global comparative sustainability rankings. – URL: https://www.tourism-sdi.org/

11. Hamburg Center for Sustainable Tourism. Meaningful Tourism Index – Most Sustainable Destinations. – URL: https://www.gds.earth/destination/Hamburg/2023/

12. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің ресми сайты. Туризм басқармасының есептері. – 2026. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/vko

13. Green Destinations Foundation. – URL: https://www.greendestinations.org/katon-karagai-kazakhstan/

14. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. Туризм бойынша статистикалық деректер (2022–2025). – URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/

15. Велнес-отель. – URL: https://invest.gov.kz/doing-business-here/invest-projects/29996/

REFERENCES

1. Bırıkken ūlttar ūiymy Düniejüzılık turistık ūiym (UNWTO). Halyqaralyq turizmnıñ damuy boiynşa taldau mälımetterı jäne esepter [United Nations World Tourism Organization (UNWTO). Analytical data and reports on the development of international tourism.]. – URL: https://www.unwto.org/global-tourism-performance [in Kazakh]

2. Arismayanti N.K. Green Tourism as an Alternative for Developing Tourist Villages in Indonesia // *Jurnal Analisis Pariwisata*. – 2015. – №15(2). – P. 1–15. – URL: https://repositori.unud.ac.id/protected/storage/upload/repositori/1372ed515f8c8880fc2f344f3dde579c.pdf

3. Qazaqstan Respublikasynyñ turizm salasyn damytudyñ 2019-2025 jyldarğa arnalğan memlekettık bağdarlamasyn bekıtu turaly. Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2019 jylğy 31 mamyrdağy №360 qaulysy [On the Approval of the State Program for the Development of the Tourism Sector of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 262 dated March 28, 2023]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360 [in Kazakh]

4. Budiarta I.P. Development of Ecotourism as a Path Toward Sustainable Tourism in Bali. // Media Bina Ilmiah Journal. – 2018. – №2(8). – P. 299–305. – DOI: 10.33758/mbi.v12i8.53

5. Andreea Zamfir & Razvan-Andrei Corbos, Towards Sustainable Tourism Development in Urban Areas: Case Study on Bucharest as Tourist Destination // Sustainability, MDPI. – 2015. – №7(9). – P. 1–14. – DOI: 10.3390/su70912709

6. Pierre McDonagh, A. P. Sustainbility Marketing Research: Past, Present and Future. // Journal of Marketing Management. – 2014. – №30(11-12). – P. 1186–1219. – DOI: 10.1080/0267257X.2014.943263

7. Wesnawa I.G. Development of Rural Tourism in Bali: Integration of Potential, Local Wisdom, and the Creative Economy. // *Jurnal Ilmu Sosial dan Humaniora.* – 2022. – №11(1). – P. 149–160. – DOI: 10.23887/jish.v11i1.44184

8. Prabawa I.W. The Concept of Green Tourism and Trends in Green Tourism Marketing (A Literature Study on Green Tourism and Its Implementation). *//Jurnal Kepariwisataan.* – 2017. – №16(1). – P. 47–53. – DOI: 10.52352/jpar.v16i1.81

9. Euromonitor International Sustainable Travel Index. – URL: https://www.euromonitor.com/ sustainable-travel-index-ramping-up-action-for-positive-change/report?utm_source

10. Tourism Sustainability Development Index (TSDI). Global comparative sustainability rankings. – URL: https://www.tourism-sdi.org/

11. Hamburg Center for Sustainable Tourism. Meaningful Tourism Index – Most Sustainable Destinations. – URL: https://www.gds.earth/destination/Hamburg/2023/

12. Şyğys Qazaqstan oblysy äkımdıgınıñ resmi saity. Turizm basqarmasynyñ esepterı [Official website of the Akimat of the East Kazakhstan Region. Reports of the Tourism Department.]. – 2026. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/vko [in Kazakh]

13. Green Destinations Foundation. – URL: https://www.greendestinations.org/katon-karagai-kazakhstan/

14. Qazaqstan Respublikasynyñ Ūlttyq statistika bürosy. Turizm boiynşa statistikalyq derekter (2022–2025) [Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. Statistical data on tourism (2022–2025)]. – URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/ [in Kazakh]

15. Velnes-otel' [Velnes-otel']. – URL: https://invest.gov.kz/doing-business-here/invest-projects/29996/ [in Russian]

Агыбетова Р.Е., Кусаинова А.К., Турмаханбетова Ш.Ш.

ПОТЕНЦИАЛ РАЗВИТИЯ ЗЕЛЕНОГО ТУРИЗМА В ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

В данной статье всесторонне проанализированы современное состояние, международный опыт и туристический потенциал для развития зеленого туризма в Восточно-Казахстанской области. В XXI веке туризм стал одной из ключевых стратегий мировой экономики и рассматривается как важный фактор социально-экономического развития регионов. Поэтому концепция зеленого туризма приобретает особое значение в вопросах сохранения природных ресурсов, обеспечения экологической безопасности и защиты интересов местных сообществ.

В ходе исследования проведён систематический обзор литературы по понятию зеленого туризма, сравнительный анализ позиций Казахстана и различных стран в международных рейтингах устойчивого зеленого туризма, анализ статистических данных Восточно-Казахстанской области. На основе авторитетных международных источников, таких как Euromonitor Sustainable Travel Index (2023), Tourism Sustainability Development Index, Meaningful Tourism Index (2023), была определена позиция Казахстана и других стран в сфере зелёного туризма. Перспективы развития зеленого туризма в Восточно-Казахстанской области были определены на основе SWOT-анализа - метода стратегического планирования.

В результате установлена, что, несмотря на высокий природно-рекреационный потенциал Восточно-Казахстанской области, наблюдаются слабое развитие инфраструктуры, несоблюдение экологических стандартов и низкая узнаваемость региона на международном рынке. Вместе с тем положительными тенденциями являются увеличение туристического потока, рост объёма инвестиций и развитие направлений экотуризма.

По итогам анализа развитие зелёного туризма является одним из ключевых факторов устойчивого развития Восточно-Казахстанской области. Данное направление не только способствует экономическому росту, но и создаёт условия для охраны природной среды и возрождения историко-культурного наследия.

Agybetova R., Kussainova A., Turmakhanbetova Sh.

THE POTENTIAL FOR THE DEVELOPMENT OF GREEN TOURISM IN THE EAST KAZAKHSTAN REGION

Annotation

This article provides a comprehensive analysis of the current situation, international experience, and tourism potential for the development of green tourism in the East Kazakhstan region. In the 21st century, tourism has become one of the key global economic strategies and is viewed as an important factor in the socio-economic development of regions. Therefore, the concept of green tourism plays a significant role in preserving natural resources, ensuring environmental safety, and protecting the interests of local communities.

The study conducted a systematic review of the literature on the concept of green tourism, a comparative analysis of the positions of Kazakhstan and various countries in international rankings of sustainable green tourism, and an analysis of statistical data from the East Kazakhstan region. Based on reputable international sources such as the Euromonitor Sustainable Travel Index (2023), Tourism Sustainability Development Index, and Meaningful Tourism Index (2023), the position of Kazakhstan and other countries in the field of green tourism was determined. The potential for developing green tourism in the East Kazakhstan region was outlined based on SWOT analysis, a strategic planning method.

The results show that despite the high natural and recreational potential of the East Kazakhstan region, there is underdeveloped infrastructure, non-compliance with environmental standarts, and low recognition in the international tourism market. At the same time, there are positive indicators, such as increasing tourist flows, growing investment volume, and the expanding development of ecotourism sectors.

Based on the analysis, the development of green tourism is identified as one of the key factors for the sustainable development of the East Kazakhstan region. This direction not only supports economic growth but also contributes to environmental protection and the revitalization of historical and cultural heritage.